Жаңа жыл құтты болсын!

2023


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№44 (1868) 31 желтоқсан 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ · WWW.KAZNU.KZ


## Жаңару мен жаңғыру жылы болғай!

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттер!**

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа Қазақстан жылнамасындағы 2023 жыл елімізге амандық, жұртымызға тыныштық, халқымызға молшылық алып келсін!

Мемлекет басшысы Алматыда «Тағзым» мемориалының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде 2022 жылы елімізде тәуелсіздік кезеңіндегі ең күрделі оқиға орын алғанын атап өтті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз мықты мемлекет құруға, қасиетті тәуелсіздігімізді нығайтуға және қорғауға бел буғанына сенімдімін. Біз саяси жүйені одан әрі демократияландыруға, ұлттық экономиканы монополиядан арылтуға және оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған ауқымды реформаларды жалғастырамыз. Жыл басынан бері қысқа мерзім ішінде біраз іс атқарылды. Біз жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституциямызды қабылдадық. Қазір алдымызда ауқымды әрі күрделі жұмыс тұр. Біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл – әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін», – деп атап өтті.

Президент жарлығымен биыл 25 қазан – Республика күні мерекесі қайта жаңғырғанын да еске сала кетейік.

20 қарашада өткен кезектен тыс президент сайлауында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 81,31 пайыз дауысқа ие болып, жаңа Қазақстанның көшбасшысына айналды.

Алдағы мақсат – әділетті қоғам қалыптастыруда күш біріктіріп, ел бірлігін нығайтып, мемлекет дамуын жаңа деңгейге көтеру. Бұл игілікті істе ғылыми қауымдастықтың атқаратын рөлі өте зор. Осы бағытта университетте ауқымды жұмыстар атқарылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бір жыл ішінде QS WUR жаһандық рейтингінде 175-тен 150-орынға көтерілді. Жылдың басты жаңалығы – ҚазҰУ-ға Үкімет қаулысымен зерттеу университеті мәртебесі берілді. 1 маусым күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы ҚазҰУ-ға ресми сапармен келіп, жас ғалымдармен, студент жастармен кездесті. Мемлекет басшысы оқу орнымыздың қызметімен және алдағы жоспарларымен танысып, ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін салу жоспарын бекітті.



Мемлекет басшысының қолдауымен және қатысуымен Түркияның Ыстамбұл қаласында және Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында ҚазҰУ филиалдары жұмыс істей бастады.

Биылғы оқу жылында ҚазҰУ-да Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылды.

Бір жыл ішінде ҚазҰУ қалашығындағы оқу ғимараттары мен жатақханалар күрделі жөндеуден өтіп, заманауи техникалар мен жаңа жиһаздар алынды. Екі жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіліп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шешу жұмыстары қолға алынды. Қалашық аумағында жаңадан заманауи дәмханалар, ғаламтор-кафелер, дүкендер, кофеханалар мен көшірме орталықтары іске қосылып, «Магнум» дүкені ашылды. ҚазҰУ-дың 50 қызметкері Түркияда тәжірибе алмасып, бір апта тегін демалып қайтты.

Біздің басты мақсатымыз – оқытушылар мен білім алушыларға ары қарай да жағдай жасау. Ел ертеңі – жастарға сапалы білім беру, ғылыми кадрларды даярлау, мемлекет дамуына қызмет ететін кәсіби мамандарды тәрбиелеу. Жаңа жылда осы мақсаттарымыз жүзеге асып, ұжымның ынтымақ-бірлігі арта түсеріне сенім білдіремін.

2023 жыл – үміт пен сенімнің, шаттық пен бақыттың, ынтымақ пен ырыстың жылы болғай!

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен жаңару мен жаңғыру жолына түскен жаңа Қазақстан қарыштап дамып, «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» орнасын. Халқымыздың әл-ауқаты артып, қоян жылы қуанышыңызды еселеп, мерейіңізді өсірсін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Жаңа жыл елімізге жақсылығымен келсін!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



**Барыс жылы табыс жылы болды**

2-3-беттер



**«ҚазҰУ-ға қашанда құшағым ашық»**

4-бет



**Глобальные вызовы XXI века**

5-бет

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ерекше табыстары үшін 2022 жылғы «Үздік ғылыми қызметкер» байқауының жеңімпазы атанды.**

## ҚазҰУ ғалымдары үздік атанды

Байқауға қатысу үшін барлығы жеті бағыт бойынша 468 өтінім келіп түсті. Республикалық комиссия отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан 50 ғалымға «Үздік ғылыми қызметкер – 2022» сыйлығын беру туралы шешім қабылдады. Олардың қатарында ҚазҰУ ғалымдары: жаратылыстану ғылымдары саласында – Медеу Әбішев, Леля Хаджиева, медицина және денсаулық сақтау саласында – Денис Винников, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласында – Гүлмира Сұлтанғалиева, Лаура Ерекешевалар бар. Жеңімпаздардың әрқайсысына сертификат пен 2000 АЕК көлеміндегі сыйлық беріледі.

Жеңімпаз атанған ҚазҰУ ғалымдарын құттықтаймыз!

## Студенттер Францияда тағылымдамадан өтеді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Франс Медиа Монд» академиясының өкілі, «France 24» радиосының директоры, журналист Антуан Кормеримен, Сорбонна-Қазақстан институтының және «Гео-Энергетика» орталығының директоры Кристин Бутейемен кездесті.**



Ректор меймандарға ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Бүгінде Францияның жетекші жоғары оқу орындарымен және институттарымен бірге барлығы 20 келісімге қол қойылған.

– Қазіргі таңда дәріс өткізу және ғылыми жетекшілік ету үшін «Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік мамандарды тарту» бағдарламасы аясында Францияның профессорлары мен PhD докторанттары тартылды. Соңғы үш жылда Франциядан 14 профессор келді. ҚазҰУ-да «Гео-Энергетика» франко-қазақстандық орталығы табысты жұмыс істейді, – деді университет ректоры. Сонымен қатар өз сөзінде ректор ынтымақтастықты арттыру үшін бірқатар нақты ұсынысын жеткізді.

– Алдағы уақытта журналистика факультетінің магистратурасында «Қазіргі француз журналистикасы» атты бірлескен білім беру бағдарламасын құру және іске асыру қажет деп ойлаймын. Сондай-ақ қазақ және француз тілдерін, мәдениетін, әдебиетін дәріптеу мақсатында аудио және бейне контент дайындау керек. ҚазҰУ білім мен ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі барлық бастамаларды қолдауға дайын, – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Антуан Кормери жылы қабылдағаны үшін университет ректорына ризашылығын білдіріп, өз пікірін ортаға салды.

Кездесуден соң құрметті меймандар ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаментінде болып, атқарылып жатқан жұмыстарға қанықты. Сонымен қатар журналистика факультетіне барып, студенттермен кездесті.

**Гүл БАЯНДИНА**

№44 (1868), 31 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
QAZAQ UNIVERSITETI

**2022 – барыс жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін табысқа толы жыл болды. Ыстамбұл мен Бішкекте ҚазҰУ-дың филиалы ашылса, одан кейін оқу ордасында МИФИ-дің филиалы білім алушыларға есігін айқара ашты. Биылғы есте қаларлық ерекше оқиға Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қара шаңыраққа арнайы ат басын бұрып, жас ғалымдармен кездесуі болды. ҚазҰУ халықаралық QS рейтингінде 150-орынға көтерілді. Бұдан өзге де жаңалықтарды «Жылдың айшықты оқиғалары» арнайы бетінен оқи аласыздар.**

# Барыс жылы

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚазҰУ-ға келді



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келіп, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамымен және жас ғалымдармен кездесті.



Президент шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұрасына арналған мұражай экспозицияларымен, ҚазҰУ ғалымдарының ғылыми-инновациялық жобаларының нәтижелерімен танысты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына оқу ғимараттары мен қызметтік тұрғын үй және студенттік жатақхана салу бойынша ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңін іске асыру жоспарын баяндады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы оқу орнының зерттеу университетіне трансформациялану бастамасы мен ҚазҰУ-ды қайта жаңғырту жоспарын қолдады.

Президент білім ордасында жоғары білікті мамандар даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

## Қырғыздың тұңғыш президенті көшбасшылық дәріс оқыды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қырғыз Республикасының тұңғыш президенті, Ресей ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жаңындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаев көшбасшылық дәріс оқыды.

Академик Асқар Ақаев білім ордасының басшылығы мен ұжымына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіріп, ҚазҰУ-ға 45 жылдан кейін келіп тұрғанын ерекше ілтипатпен жеткізді. «ҚазҰУ-мен 45 жылдан соң қайта қауышқаныма қуаныштымын. Бүгінгі кездесуді ұйымдастырғандарыңыз үшін көп рақмет. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Орталық Азиядағы ең үздік университет. Биік табыстарға көптеген жоғары оқу орындары өте ұзақ жолдан өтіп жетеді. Бұл жұдырықтай жұмылып еңбек еткен білікті ұжымның жемісі», – деді профессор.

## Түркияның 11-ші президенті Абдулла Гүлден келген хат

**Қадірлі де құрметті досым Жансейіт Түймебаев!**



Сіздің шақыруыңызбен Қазақстанның ең дамыған әрі заманауи жабдықталған беделді университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келу нәсіп болды. Қысқа мерзімді дайындықтың нәтижесінде сіздердің жоғары деңгейдегі қабылдауларыңызға ризашылығымды білдіргім келеді.

Университетте болған сапарымда болашағымыз саналатын жастармен бас қосып, оларға көшбасшылық туралы баяндама жасағаныма өте қуаныштымын. Осы орайда, мен Қазақстанның бүгінгідей болашағының да соншалықты жарқын боларына өз басым куә болдым.

Маған берілген «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры» атағы мені барынша қанаттандыра түсті. Түркі халықтары және ғылым мен білім әлемінде соны жаңалықтар ашқан ойшылдың есімімен аталған университет тарапынан осындай атаққа ие болу мен үшін бір ғанибет.

## Білім ордасы QS WUR рейтингінде 150-орынға көтерілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS WUR халықаралық рейтингінде кезекті рет жоғары нәтижеге қол жеткізді. Бір жылда университет Топ-200 ішінде 25 позицияға жоғарылап, 175-орыннан 150-орынға көтерілді.




Әлемнің үздік университеттерімен бір қатарға орналасқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында ғана емес, Орталық Азия мен ТМД елдерінде өзінің көшбасшылық позициясын дәлелдеді.

ҚазҰУ-дың жаңа табысы – іскерлік басшылықтың, оқытушылар, ғалымдар мен білім алушылардың қарқынды жұмысының жемісі. Бұл университеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің және халықаралық білім, ғылым кеңістігіндегі танымалдылығының айқын көрсеткіші.

Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) халықаралық рейтингінің ресми нәтижелері 2022 жылдың 8 маусымында жарияланды.

Бұл рейтингке дүниежүзінің 2462 жоғары оқу орны қатысты, оның ішінде тек 1422 ЖОО ғана тиісті дәрежелерге ие болды.

## Ыстамбұлда филиалымыз бар

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ресми сапарына сәйкес, Ыстамбұл қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.



Университет филиалы жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асырып, ғылым мен білімнің халықаралық интеграциялануына ықпал етеді. Әрі университеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда QS әлемдік рейтингінде Топ-150 үздік жоғары оқу орындарының қатарына кіретін Қазақстанның ең үздік университеті Түркияның 20-дан астам жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық байланыс орнатты.

Филиалдың ашылуы академиялық ұтқырлық аясындағы жобаларды жүзеге асыруға, оқытушылар мен студенттер алмасуға, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздейді. Жыл басынан бері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың сегіз факультетінің 247 магистранты Түркия университеттерінде ғылыми-зерттеушілік тәжірибе мен тағылымдамадан өтті.





QAZAQ UNIVERSITETI №44 (1868), 31 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# табыс жылы болды

## Бішкекте университет филиалы жұмыс істей бастады



Қазақстан Президенті Бішкекте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ашылу рәсіміне қатысты. Қазақстан Президентінің Қырғызстанға жасаған ресми сапары Қ.Тоқаев пен С.Жапаровтың Бішкекте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалының ашылу рәсіміне қатысуымен аяқталды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев екі мемлекет басшыларына оқу ордасының білім беру және ғылыми жобалары, соның ішінде қырғыз студенттері үшін грант бөлу жоспары туралы айтты. Университетті аралап көру барысында президенттер жоғары оқу орнының оқытушы-профессорлар құрамымен және ҚазҰУ-дың қырғызстандық түлектерімен әңгімелесті.

## ҚазҰУ ғалымының зерттемесі АҚШ-та жалғасады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы АҚШ-тағы Миссисипи университеті ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге кірісті.

Зерттеу орталығының базасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнім әзірлейтін шағын өндіріс ашылған болатын.

Мұнда сұраныстағы өнімдердің бірі – тұмау және COVID-19 ауруларына қарсы биологиялық белсенді қоспа. 2020 жылы дайындалған табиғи тұнбаның құрамына өкпені қуаттайтын, қақырық түсіретін, қанды сұйылтатын, қандағы майларды жоғалтып, қан айналымын жақсартатын, күш-қуат беріп, ұйқыны реттейтін қасиеті бар өсімдіктер қосылған.

## Сирек кездесетін қолжазбалар зерттеледі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты ашылды.

Жаңадан ашылған институтта сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, Әл-Фараби кітапханасының қорында 600-ден астам қолжазба толық зерттелмеген. Қазіргі таңда институт мамандары аталған қолжазбаларды, құнды деректер мен материалдарды сараптап, зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Салтанатты шара аясында «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы» атты I халықаралық ғылыми конгресі өтіп, қатысушылар Қазақстандағы және әлемдегі түркітану мен алтайтанудың өзекті мәселелерін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев білім ордасындағы Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының жұмысы туралы айтты.

## Жатақхана тапшылығы тиімді шешіле бастады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жатақханаларға күрделі жөндеу жүргізіп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шеше бастады. Осы тәсіл арқылы оқу орны алдағы уақытта жатақханалардағы орын санын 2000-ға көбейтуді көздеп отыр.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен күрделі жөндеуден өткен №10 жатақхана қайта ашылып, студенттерге пайдалануға берілді. 313 орындық жатақханаға тарих факультетімен қатар, химия және химиялық технологиялар факультеті мен физика-техникалық факультетінің студенттері орналасты.

Бұған дейін 356 орындық №5 жатақхана күрделі жөндеуден өтіп, журналистика факультетінің студенттеріне салтанатты түрде қайта берілді. Осыған орай, оқу орнында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылды.

## МИФИ филиалы ашылды




Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен МИФИ ҰЯЗУ филиалы салтанатты түрде ашылды.

Бірлескен білім беру жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы «Қайғылы қаңтар сабақтары: қоғамның бірлігі – тәуелсіздік кепілі» атты отырысында ҚР Президенті Қ.Тоқаев алға қойған Ресейдің озық технікалық жоғары оқу орындары филиалдарын құру туралы стратегиялық міндетін орындау аясында жүзеге асты.

Филиалдың құрылуы «Ядролық энергетика және технологиялар», «Информатика және есептеу техникасы» мамандықтары бойынша саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ете отырып, елде ядролық энергетиканың дамуына жаңа серпін береді.

«Филиал түлектері еліміздің стратегиялық саласын дамытуға елеулі үлес қосарына сенімдіміз. Студенттер сапалы инженерлік білім алады. Олар ғылыммен айналысады, қажетті дағдыларға ие болады, заманауи ғылыми зертханаларда тағылымдамадан өтеді», – деп атап өтті жетекші ЖОО басшысы.

## Түркияда тәжірибе алмасты




Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен білім ордасының 50-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы мен жас ғалымдары Түркияға тәжірибе алмасуға барып қайтты. Сапар аясында ҚазҰУ делегациясы Ақтеңіз университетінде болып, Антальяның көрікті жерлерін аралады.

Ақтеңіз университеті – Түркиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Түркияда академиялық зерттеулер негізінде жазылған ғылыми мақалалар бойынша Ақтеңіз университеті үздік бестікке кіреді.



Бір аптаға созылған курс барысында оқытушылар түрік жоғары білім беру жүйесімен етене танысып, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасты. Сонымен қатар заманауи білім беру, инновациялық әзірлемелер мен оқытудағы озық технологиялар тақырыбында тренингтерге қатысты.

**Оджал Огуз – Түркияның ЮНЕСКО-дағы ұлттық комиссиясының төрағасы, ТҮРКСОЙ ұлттық комиссиясының төрағасы, «Милли фольклор» (Web of science, Scopus) журналының бас редакторы, Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне шақырылған профессор.**

# «ҚазҰУ-ға қашанда құшағым ашық»



– Екі білім ошағының ортақ жұмыстары тың ойларға жол ашып, жаңа бастамаларға түрткі болары даусыз. Қазіргі кезде аса өзекті жайттардың бірі – түркі халықтарының тілі мен ділі, олардың тілдік ерекшелігі мен бірігу мәселесі. Осы бағытта аз да болса өз үлесімді қоссам деген оймен бүгінгі таңда ЮНЕСКО ұйымы халықтардың мәдени құндылықтарын зерттеу және насихаттау бағытында ілкімді жұмыс жасауға барымызды салудамыз. Түркі халықтарының жаһандану заманындағы ең үлкен міндеті – ынтымақтастық. Міне, осы мақсатта ҚазҰУ-мен бірлесіп атқарған жұмысымыз бүгінде өз жемісін беруде, – деді Оджал Огуз.

Сондай-ақ ол 1989 жылдан бастап жариялана бастаған және 12 халықаралық индекстер, әсіресе WOS AHCI және SCOPUS бойынша тіркелген «Ұлттық фольклор» журналының 34 жылдан бергі редакторы.

2003-2022 жылдар аралығында Гази университетінің және Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің түркі фольклорын зерттеу және қолдану орталығының негізін қалаушы-директоры, Гази университеті мен Анкара университетінің ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны ресми және бейресми білім беру жөніндегі негізін қалаушысы. 2012-2022 жылдар аралығында ЮНЕСКО-да аккредиттелген үкіметтік емес ұйым – материалдық емес мәдени мұра қауымдастығының негізін қалаушы-президенті болды.

Өзінің академиялық зерттеулерін фольклорлық институттарға, қолданбалы фольклорға, ЮНЕСКО-ның мәдени мұра зерттеулеріне шоғырландырған Оджал Огуздың 70 кітабы, 100 мақаласы және 50 ғылыми мақаласы жарық көрді. Солардың ішінде Түркі халықтары әдебиеті анықтамалығы университеттерде оқулық ретінде кеңінен қолданылады. Анкара университетіне дейін Гази, Хаджеттепе, Ахмет Ясауи, Тунис Докуз Нисан, Тунис Картаджа, ТОББ ETÜ Билкент және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да профессорлық-оқытушылық қызмет атқарған, білім беру саласында дәрістер оқып, тезистерге жетекшілік еткен.

Түркияда мәдени мұра бойынша көптеген мұражайлар, институттар мен орталықтардың құрылуына қатысып әрі кеңесші ретінде өз үлесін қосқан Оджал Огуз кейінгі жылдары Гази университеті мен Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университеті құрамындағы материалдық емес мәдени мұраға арналған екі мұражайдың негізін қалаған. Сонымен қатар ұстаз Хаджеттепе университетінің түркі фольклортану клубы, Гази университетінің түркі фольклортану қоғамы, Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің түркі фольклортану қолданбалы және зерттеу орталығы, аталмыш орталықтағы түркі фольклортану бөлімі, магистратура және докторантура бағдарламасының жоғары оқу орнынан кейінгі институты, Анкара материалдық емес мәдени мұра мұражайы және мәдени мұра қауымдастығы, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның ресми және бейресми білім беру саласындағы мәдени мұра кафедрасының т.б. ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде өз ықпалын молынан тигізді.

Профессор 2018 жылы Парижде ЮНЕСКО ұйымдастырған қатысушы мемлекеттердің VII Бас ассамблеясы аясында өткен «Білім сапасы және материалдық емес мәдени мұра» атты жиынға шақырылған баяндамашы ретінде қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар 2017 жылдан бері ұйымдастырылған және ЮНЕСКО-ның формалды және бейресми білім берудегі бейматериалдық мәдени мұра кафедрасының қолдауымен өткен «Материалдық емес мәдени мұраның қысқы мектебі» Оджал Огуздың басқаруымен ұйымдастырылған. Профессор Ұлттық білім министрлігі ұйымдастырған шетелде жұмысқа бейімделу семинарлары аясында 10 мыңнан астам мұғалімге материалдық емес мәдени мұра туралы семинарлар өткізген.

Профессор университеттік білімі бар және ресми, бейресми білім беру арқылы студенттерге әрі қоғамға жеткізуші – Ұлттық білім министрлігіне қарасты орта оқу орындарында оқытылатын «Халық мәдениеті» курсы бағдарламашыларының қатарында.

Профессор, доктор Оджал Огуз Түркияда негізін қалаған және бастаушы болған материалдық емес мәдени мұра тақырыбындағы мұражайларда мектеп жасындағы балалардың мәдени тәрбиесіне баса назар аударды. Бұл мұражайларда мыңдаған студент мәдени мұралармен танысты. Ол Ұлттық білім министрлігі мен ЮНЕСКО түрік ұлттық комиссиясы бірлесіп жүзеге асырған ертегі айту дәстүрін ұстаздар мен студенттерге жеткізуді көздейтін жобаға кеңес берді. Бұл жоба көптеген студентке Анадолы ертегілерімен танысуға мүмкіндік сыйлады. Сол сияқты тағы бір жобаны қолға алып, мектеп жасындағы балаларға дәстүрлі ойындармен, ойыншықтармен және спорт түрлерімен айналысуға шақырып, ұсыныс білдірді.

– 2016 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да докторанттарға дәріс беріп, оқыта бастадым. Аталмыш зерттеу-жобаларымды әлі де жалғастыру үстіндемін. ҚазҰУ-дың бірлігі жарасқан оқытушылық құрамы, білікті мамандары, ынталы студенттері және тұрақты даму үдерісі бар. Мұндағы студенттер мен оқытушылардың халықаралық тәжірибеге деген талпынысы мен құштарлығы кім-кімді де жай қалдырмасы анық. Бұл университеттің студенттері мен оқытушылары SCOPUS-те мақалалар жариялағаны секілді, мен басқаратын «Милли фольклор» журналына да усына алады. ҚазҰУ-дың маған есігі айқара ашық болғаны іспетті, менің де ҚазҰУ-ға қашанда құшағым ашық. Аталмыш оқу ордасында атқарған қызметім үшін бек қуаныштымын, – деп сөзін қорытындылады профессор.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

# Жапонияда жиған құнды тәжірибе

**ҚазҰУ-да шығыстану факультеті құрылғалы шетелдік ұйымдармен, шығыс елдерінің атақты университеттері, ғылыми орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнаған. Екіжақты ынтымақтастықтың нығаюының нәтижесінде факультеттегі білім алушылар үшін қосдипломдық бағдарламалар, тілдік тағылымдамалар, академиялық алмасулар және бірлескен зерттеулер сияқты түрлі бағыттағы құнды мүмкіндіктер қарастырылған. Жыл сайын факультет студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде Араб елдері, Түркия, Қытай, Корея, Жапонияның ең үздік университеттерінде алты ай немесе бір жыл уақыт көлемінде оқып, кәсіби білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жинап келеді. Солардың бірі – Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінің 2-курс студенті Гүлдана Әлімқызы. Гүлдана биыл академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде Жапонияның Токио қаласында орналасқан, әлемге аты әйгілі София университетіне оқуға барды.**




Біз Гүлданамен хабарласып, оның Жапониядағы оқу үдерісі, студенттік өміріне қатысты толыққанды ақпарат алдық. Гүлдана әңгімесін оқушы кезінен бастады.

– Мен бала кезімнен-ақ Жапонияның мультипликациясына (аниме) қатты қызықтым. Анимені ұнатқаным сонша – жапон тілін үйренуге ниеттендім. Мектепте 10-сыныпта жапон тілін оқытатын арнайы курстарға жазылдым. Жапон тілін бір жыл көлемінде оқып, екі деңгейін сәтті аяқтадым. Сөйтіп, 2021 жылы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетіне мемлекеттік грант ұтып алып, 1-курсқа оқуға қабылдандым. Екінші курста оқып жүріп, академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Жапонияның София университетіне оқуға баруға мүмкіндік алдым. Бұл ЖОО – 1913 жылы іргетасы қаланып, 1928 жылы мемлекеттік деңгейде жоғары оқу орны мәртебесіне ие болған, бір ғасырлық тарихы бар күншығыс елінің ең алдыңғы қатарлы университеттерінің бірі, – деді ол.

Гүлдана шетелдік тағылымдама барысында алған білімі мен тәжірибесін қатысты да өз пікірімен бөлісті: «Мен ҚазҰУ-дың білікті оқытушыларынан дәріс алғанымның арқасында ағылшын және жапон тілдерін жақсы меңгеріп, Жапонияда оқу мүмкіндігіне ие болдым. Жапонияда тек өзімнің кәсіби білігімді арттырып қана қоймай, сан алуан мемлекеттен келген шетелдік студенттермен бір үйдің балаларындай араласып-құраласып, дүниежүзінің түрлі елдеріне қатысты өз білімімді тереңдете алдым деп ойлаймын. Адам бойындағы мейірімділік, білімділік, тазалық сияқты қадір-қасиеттер жоғары бағаланатын күншығыс елінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген өзім секілді студенттермен бірлесе тіл мен мәдениет байланысы, жастар тәрбиесі мен рухани жаңғыруы, бүгінгі таңдағы жас буын өкілдерінің алдында тұрған өзге де маңызды мәселелерді талқыладық».

– Жапониядан алған білімім, түйген ойларым, үйренгенім көп. Кейбір дүниелерге қатты таңғалып, сүйсінген кездерім де болды. Мәселен, жапон елінде балаларды жастайынан табиғатты сүюге, қоршаған ортаны қадірлеп, таза ұстауға, өздерінің тілін, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтеуге үйретеді. Сондықтан осынау құндылықтарды енді қазақ жерінде насихаттап, осы бағытта еліме қызмет етемін деген ойға келдім. Қоршаған ортаны қорғау бойынша мен биыл университетімізде ұйымдастырылған дәстүрлі «Әл-Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясында «Экологиялық мәдениет қауіпсіздік пен тұрақтылықты қалыптастырады» деген тақырыпта мақала жазып, қорғадым. Алдағы уақытта күншығыс елінде жүзеге асып жатқан табиғатты қорғаудың тиімді стратегияларын зерделеп, оны елімізге енгізудің жолын тапқым келеді. Сондай-ақ жапон университетінде білімімді шыңдап, келешекте екі ел арасындағы дипломатиялық және мәдени байланыстарды барынша дамытуға өз үлесімді қоссам деген ниеттемін, – дейді Гүлдана.

Ол жасампаз әрі шығармашыл жапон студенттерімен бірге София университетінде сапалы білім алып, ғылыммен айналысу зор жетістік, үлкен мәртебе екенін айтты. Бұл орайда, жастарға жағдай жасап, шетелге оқуға жіберіп отырған университетке алғысын білдірді.

**Шынар САУДАНБЕКОВА,**
**Гүлмира ТАЗАБЕКОВА,**
*Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушылары*

QAZAQ UNIVERSITETI
№44 (1868), 31 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Глобальные вызовы XXI века

**Быстро меняющаяся среда требует принципиально нового отношения ко всему, что нас окружает. Урбанизация, цифровизация, глобализация, приводят к беспрецедентному всплеску неизведанного, с которым мы неизбежно сталкиваемся. Масштабная производственная деятельность, правильно сказать нерациональное природопользование привело к усилению негативного влияния человека на природу как среду своего обитания, а это в свою очередь поставило под угрозу его жизнь и здоровье, интересы настоящих и будущих поколений людей. В настоящее время масштабы воздействия на природу стали превышать ее восстановительный потенциал. В результате чего окружающая природная среда необратимо и опасно изменяется.**



Объем загрязняющих веществ в воздухе и воде, почве непрерывно растет так, что вполне оправдано говорить об экологическом кризисе, который может перерасти в экологическую катастрофу. Загрязнение природной среды выражается в увеличивающемся смоге, мертвых озерах, воде, которую нельзя пить, смертоносной радиации и вымирании биологических видов. Неконтролируемое потребление природных ресурсов для роста экономики не обеспечило повсеместного решения социальных и экономических проблем, а наступивший экологический кризис усугубился социально-экономическим. В условиях экологического кризиса и связанного с ним глобального потепления, особо остро стоит проблема охраны окружающей среды и сохранения экосистемы планеты.

Именно разработка стратегий устойчивого развития способствовала созданию новых подходов в природоохранной политике на глобальном уровне. В 2015г. комиссией ООН разработан документ по обеспечению выполнения 17 Целей устойчивого развития (ЦУР), в решении которых большая роль отводится информации, знаниям, образованию. В частности, в ЦУР 13 «Принятие срочных мер по борьбе с изменением климата и его последствиями» включает решение такой задачи как: улучшить просвещение, распространение информации и возможности людей и учреждений по смягчению остроты и ослаблению последствий изменения климата, адаптации к ним и раннему предупреждению.

Современное общество движется от индустриального статуса к информационному, в котором ключевым ресурсом становится информация и знания. Качественное преобразование общества неизбежно приводит к такому же изменению образования. Именно образовательная система способна решать главные проблемы общества XXI века. Как известно, образование – один из трех основных субъективных факторов рейтинга человеческого развития. Казахстан, как независимое, суверенное государство, в контексте новых вызовов сложного и динамично развивающего мира, чтобы быть конкурентоспособным должен иметь все приоритеты обеспечения высокого качества образования и науки.

Молодое поколение, является локомотивом будущего Казахстана. В своем послании глава государства Касым-ЖомартТокаев подчеркнул, что знания и профессиональные навыки – ключевые ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров, нам в ближайшем будущем следует выстроить максимально прагматическую стратегию трансферта необходимых для страны технологий.

Президент Казахстана рассказал о новых мерах повышения качества высшего и среднего образования. «По мере повышения качества отечественных вузов будет возрастать и стоимость обучения в них. Поэтому государство планирует выделять образовательные гранты, которые в зависимости от результатов ЕНТ и иных показателей будут дифференцированы по размеру – от 30 до 100%.

К ключевым проблемам системы высшего образования и науки РК относятся:

– разрыв между потребностями работодателей и системами образования в части построения общих приоритетов подготовки кадров,

– а также отсутствие увязки между региональной и отраслевой повестками кадрового и научно-инновационного обеспечения.

Современный этап модернизации казахстанской системы образования и науки должен быть практикоориентированным, направленным на доступность для каждого качественного образования, возможность получить новые профессиональные навыки в колледже и университете, развитие исследовательских и творческих компетенций.

Для обеспечения синхронизации рынка труда и образования ключевыми направлениями развития высшего образования должна явиться система опережающего кадрового обеспечения. Подготовка кадров должна быть основана на долгосрочном прогнозировании развития экономики, с учетом формирования атласа новых профессий. Особое внимание направлено на узкие прорывные сферы. В этом случае государство модерирует взаимодействие «вузы-предприятия». В этих условиях новый смысл обретает само понятие образования. Полученные в стенах высших учебных заведений знания, должны постоянно обогащаться и развиваться на практике. А это значит, что постоянно учиться — сегодня не роскошь или дорогая прихоть, а реальная необходимость каждого. Еще древнегреческий историк Плутарх сказал, что ум – это не сосуд, наполненный знаниями, а факел, который нужно зажечь.

Главная задача образования все более фокусируется на привитие навыков непрерывного саморазвития и адаптации к изменениям, в этих условиях для преподавателей КазНУ им. аль-Фараби более важным становится научить постоянно учиться. Следует отметить, что КазНУ имени аль-Фараби является флагманом образования не только в Казахстане, но и занимает высокий международный рейтинг. Для успешной реализации жизненных планов, обеспечения возможности стать конкурентоспособными и востребованными на рынке труда по окончании учебы молодому поколению необходимо формирование мышления, самосознания и социальной осознанности, ответственного принятия решений, самодисциплины, что позволит адаптироваться в быстро меняющемся мире. Обучение в течение всей жизни становится лейтмотивом всего образовательного процесса.

Современное образование личностно-ориентированно. Сам обучающийся становится в центре обучения, выбирая свою траекторию образования. В ближайшие годы будут увеличиваться возможности для дополнительного, так называемого неформального образования. Для этого используются цифровые технологии, искусственный интеллект, онлайн, мобильные и смешанные формы обучения. Образовательные программы начинают переосмысливать пользовательский интерфейс своих цифровых продуктов и задумываются над тем, как сделать пользование всевозможными инструментами максимально удобным и интерактивным. Например, большое будущее ждет технологии VR — виртуальной дополненной реальности. Уже в ближайшие несколько лет все больше образовательных цифровых платформ будут курироваться при помощи искусственного интеллекта. Эксперты предсказывают, что в ближайшем будущем образование по запросу будет все более и более востребованным. Это значит, что появится возможность самостоятельно выбирать дату начала обучения и двигаться в собственном темпе, что сделает процесс получения образования более удобным и доступным людям с разным графиком. Именно формирование социальной ответственности, нравственной культуры, гуманистического мировоззрения, готовности постоянно учиться мы, педагоги, ставим во главу угла в своей работе.

**Калкаш АБУБАКИРОВА,**
*д.с/х.н., профессор*
**Нина ВОРОНОВА,**
*к.б.н. КазНУ им. Аль-Фараби*

